

КР, 071412, Абай облысы, Семей қ., Глинка көш., 20 А, e-mail: kense@shakarim.kz, 8 (7222) 31-31-75, БИН 130840007973, КБе 16, БИК HSBKQZKX КҰЖК КОДЫ 30958953, ЕҚТЖК 85421, ТМК 861, ИИК KZ126010261000182423, АҚ «Қазақстан Халық Банкі»

РК, 071412, Область Абай, г. Семей, ул. Глинки, 20 А, e-mail: kense@shakarim.kz, 8 (7222) 31-31-75, БИН 130840007973, КБе 16, БИК HSBKQZKX, КОД ОКПО 30958953, ОКЭД 85421, КНП 861, ИИК KZ126010261000182423, в АО «Народный Банк Казахстана»

27.03.2026 № 875

ЖОО ректорларына

«Шәкәрім университеті» КеАҚ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің 2026 жылғы 17 наурыздағы №14-0/1382-ВН хаты негізінде төменде көрсетілген білім беру бағдарламалары бойынша жоғары оқу орындары арасында жыл сайынғы студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық конкурсын өткізу үшін базалық университет болып табылады:

- БББТ В014 – География мұғалімдерін даярлау (6В01506 – География-Тарих);
- БББТ В006 – Музыка мұғалімдерін даярлау (6В01402 – Музыкалық білім);
- БББТ В064 – Механика және металл өңдеу (6В07106 – Машина жасау);
- БББТ В074 – Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс (6В08303 – Құрылыс);
- БББТ М090 – Физика (7М05301 – Техникалық физика).

Студенттердің байқаудың II кезеңіне қатысуы үшін жыл сайынғы іс-шараны ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Ұсынымдарға сәйкес **2026 жылдың 30 сәуіріне дейін** қағаз түрінде және электронды түрінде science@shakarim.kz электрондық поштасына жұмыстарды жіберуіңізді сұраймыз: 071412, Абай облысы, Семей қ., Глинка көш., 20А, 506 кабинет. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру орталығы, «Республикалық ғылыми зерттеулер конкурсына» белгісімен.

Барлық сұрақтар бойынша қосымшада көрсетілген бағыттар бойынша жауапты тұлғаларға хабарласуларыңызды сұраймыз.

Байқауға жұмыстар «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдар» (2-қосымша) талаптарына сәйкес қабылданады.

Қосымша: 5 бетте.

Басқарма төрағасы – Ректор

Д. Орынбеков

Білім беру бағдарламалары топтары бойынша жауапты тұлғалар

№	Білім беру бағдарламасы	Жауаптылар	Байланыс телефоны	Эл. почта
1.	БББТ В014 – География мұғалімдерін даярлау (6В01506 – География-Тарих)	Мукаев Жандос Төлеубекович	+ 7 777 706 2385	zhandos_mukayev@shakarim.kz
2.	БББТ В006 – Музыка мұғалімдерін даярлау (6В01402 – Музыкалық білім)	Берікбол Рахат Рахметоллаұлы	+7 775 399 2974	art_dept@shakarim.kz
3.	БББТ В064 – Механика және металл өңдеу (6В07106 – Машина жасау)	Советбаев Раил Аянович	+7 776 609 6966	r.sovetbayev@shakarim.kz
4.	БББТ В074 – Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс (6В08303 – Құрылыс)	Жұмаділов Ілияс Тоғанұлы	+7 707 659 4961	i.zhumadilov@shakarim.kz
5.	БББТ М090 – Физика (7М05301 – Техникалық физика)	Степанова Ольга Александровна	+7 775 342 1010	o.stepanova@shakarim.kz

Басқарма төрағасы – Ректор



Д. Орынбеков

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы
ҰСЫНЫМДАР**

1. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық жыл сайынғы байқауын (бұдан әрі - СҒЗЖ конкурсы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының базасында өткізеді.

2. СҒЗЖ конкурсының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;

2) талантты және дарынды студенттерді таңдау және қолдау;

3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

3. Республикалық СҒЗЖ конкурсы 2 кезеңде өтеді:

1) бірінші кезең – ЖОО ішілік;

2) екінші кезең - базалық ЖОО-ларда;

4. I кезеңнің (ЖОО ішіндегі) мерзімі жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен анықталады, II кезең **ағымдағы оқу жылының ақпан-мамыр айлары.**

5. СҒЗЖ конкурсына Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттері мен студенттер ұжымы қатыса алады.

6. СҒЗЖ конкурсына студенттердің жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдарының басым бағыттары мен өзекті мәселелері бойынша өзіндік орындалған, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары жіберіледі.

7. СҒЗЖ конкурсын басқаруды СҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі республикалық комиссия жүзеге асырады.

8. СҒЗЖ конкурсының I кезеңінде жоғары оқу орындарының жоғары білім беру жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтары бойынша студенттер ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша қатыса алады.

9. Жоғары оқу орнының ректоры (проректоры) жетекші ғылыми ұйымдардың, кәсіпорындардың, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін қоса, конкурстың тиісті бөлімдері бойынша конкурстық комиссиялар ұйымдастырады.

10. Жоғары оқу орнының конкурстық комиссиясы тиісті бейінді ғалымдардың қатысуымен секциялар ұйымдастыруға, жекелеген ЖОО-ларға, кафедралар мен ЖОО-лар мен ғылыми ұйымдардың мамандарына жұмыстарды кейін комиссияға рецензиялар ұсына отырып қарауды тапсыруға құқылы.

11. ЖОО студенттерінің ғылыми жұмыстары конкурстың бөлімдері бойынша басқа тарап ұйымдарында міндетті түрде қаралуға жатады. Бұл рецензиялар ЖОО-ның конкурстық комиссиясының есебіне қоса беріледі.

12. СҒЗЖ конкурсының (ЖОО ішілік) I кезеңінің қорытындылары бойынша ректордың бұйрығымен бекітілетін ЖОО-ның конкурстық комиссиясы конкурстық негізде ЖОО студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын іріктейді және конкурстың II кезеңіне қатысу үшін базалық ЖОО-ларға жібереді.

13. Конкурстың II кезеңіне студенттердің ғылыми жұмыстарын ұсыну кезінде жоғары оқу орны базалық ЖОО-ға конкурстың тиісті бөлімі бойынша келесі құжаттарды жібереді:

1) ғылыми жұмыс;

2) ғылыми жұмысқа аннотациясы;

3) ғылыми жетекшінің орындалған жұмыстың өзіндік дәрежесі туралы пікірі (еркін түрде);

4) автор (лар) мен ғылыми жетекші туралы мәліметтер;

5) конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе хаттамамен ресімделген жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің конкурсқа жұмыс ұсыну туралы шешімі.

14. СҒЗЖ конкурсына студенттердің ғылыми жұмыстарының бір жарым интервалмен басылған алғашқы даналары жіберіледі. Жұмыстың көлемі 20 - 40 беттен аспауы керек. Модельдер мен табиғи экспонаттарды ұсынуға жол берілмейді. Суреттер мен иллюстрациялар жұмыспен бірге стандартты өлшемдегі парақтарда орналасуы керек.

Ғылыми жұмысқа ғылыми жұмыс нәтижелерін енгізу туралы актілер мен (актілердің көшірмелерімен), патенттердің, ғылыми мақалалардың көшірмелері қоса берілсе болады. Дипломдық, курстық жұмыстар мен жобалардың ғылыми жаңалығы болса немесе олардың нәтижелерін өндіріске, оқу процесіне енгізуді көздейтін болса конкурсқа ұсына алады.

15. Жеке мөрленген пакетте жұмыстың авторы (авторлары) және ғылыми жетекшісі (-лері) туралы мәліметтер, сондай-ақ ректордың (проректордың) қолы қойылған конкурстың бірінші кезеңінің нәтижелері немесе шешімі, СҒЗЖ байқауына ұсынылатын университеттің ғылыми кеңесінің хаттамасы беріледі. Жұмысты авторлар тобы жасаған жағдайда, авторлардың тізімі, негізгі ақпараттар талапқа сәйкес ұсынылады.

16. Осы ұсынымдардың талаптары бұзылып ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, базалық жоғары оқу орнының конкурстық комиссиясы оларды конкурсқа қатысудан шеттетуге құқылы (шеттету себептерін міндетті түрде көрсете отырып).

17. Базалық оқу орнының конкурстық комиссиясы ашық отырыста комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі болса, көпшілік дауыспен шешім қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

18. Студенттердің үздік ғылыми жұмыстарын конкурстың III кезеңіне ұсыну үшін базалық ЖОО комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттаманы Министрлікке ағымдағы жылдың 30 мамырына дейін жібереді.

Орынд.: А. Байкадамова

Тел.: 8(7222) 31-32-49, 8 775 175 6967

19. Базалық жоғары оқу орнының конкурстық комиссиясы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсының әр бөлімі бойынша жеңімпаздарды марапаттау үшін келесі тәртіппен ұсынуға құқылы:

1 орын үшін - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі дипломы (бір жұмыстан артық емес);

2 орын үшін - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің II дәрежелі дипломдары (екі жұмыстан артық емес);

3 орын үшін - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломдары (үш жұмыстан артық емес).

20. 1, 2, 3 орындарды иеленген студенттердің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған республикалық конкурстың жүлдегерлері Министрліктің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

21. Жоғары оқу орнының басшылығы студенттердің - конкурстың бірінші, екінші және үшінші кезеңдерінің лауреаттарын оқу орнының өз қаражаты есебінен көтермелеу шараларын қабылдауы мүмкін.

Сыйлық мөлшері стипендия мөлшерімен тағайындалады, ұжымдық жұмыстың авторларының ақшалай сыйақысы тең үлеспен төленеді.

22. Магистратураға түсу кезінде СҒЗЖ конкурсының дипломдарымен марапатталған студент-лауреаттардың жетістіктері қабылдау комиссиялары тарапынан ескеріледі.

23. Ғылыми жетекші, басшылығымен студенттер кемінде үш ғылыми жұмысты орындап, олар марапаттарға ие болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломымен марапатталады.

24. СҒЗЖ-нің кезекті Республикалық конкурсы 1 орынға иеленген ЖОО базасында өткізіледі. Егер осы 1 орын осы ағымдағы жылы конкурсты өткізген базалық ЖОО-ның студентіне берілсе, онда келесі конкурс студент жүлделі орыннан кейін келесі орынға ие болған ЖОО базасында өткізіледі.

Егер жүлдегер екі студент болған жағдайда, келесі СҒЗЖ конкурсын өткізу құқығына студенті басым балл жинаған ЖОО ие болады.

СҒЗЖ конкурстық комиссиясының хаттамасы

ЖОО _____
бөлім _____

_____ бөлімі бойынша СҒЗЖ конкурстық комиссиясы
ЖОО ректорының _____ күнгі бұйрығымен бекітілген
№ _____ саны.

Комиссия отырысына қатысқан _____ адам саны.
СҒЗЖ конкурсына _____ жыл _____ бөлімінде
_____ жұмыс алды (_____ студенттер, _____ ғылыми
жетекшілер)

Студенттердің ғылыми жұмыстарын қарастырып, жоғары оқу орнының конкурстық комиссиясы марапаттауға ұсынуға шешім қабылдады:

1. Министрліктің I дәрежелі дипломдары _____ жұмыс
2. Министрліктің II дәрежелі дипломдары _____ жұмыс
3. Министрліктің III дәрежелі дипломдары _____ жұмыс
4. Жоғары оқу орнының ақшалай марапаттары _____ жұмыс

Төменде автордың (авторлардың), жоғары оқу орнының, ғылыми жетекшінің көрсетілуімен студенттердің жұмыстарының тізімі келтіріледі.

Конкурстық комиссияның төрағасы _____
Комиссияның хатшысы _____
Комиссия мүшелері _____